

Панорамалық сабақ

Абай шаңырағы

Бастауыш сынып мұғалімі:

Айдарбекова Г.А.

Сабақтың тақырыбы:

Абай шаңырағы






Сабақтың

Мақсаты:

Абайдың кемендірақын ежелгі түсіндіріп, оның өлеңдерін қара сөздері арқылы оқушылардың сана сезімін ояту.

Балалардың сөйлеу мәнерін байланыстыра сөйлеу дағдыларын, сөздік қорын, өз беттерінше жұмыс жасау қабілеттерін дамыту.



Сабақтың түрі: Аралас

Сабақтың типі: Жаңа сабақ

Сабақтың әдіс – тәсілі: сұрақ – жауап, түсіндіру, әңгімелеу.

Сабақтың көрнекілігі: нақыл сөздер, плакаттар, суреттер, қара сөздер, венн диаграмма, қима қағаздар.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Үй тапсырмасын сұрау
3. Жаңа сабақ.
4. Қорытынды.

Психологиялық дайындық.

Әрбір адам – туысым, досым, жұрағат.

Әрбір сабақ – үйрену, ұғу, ұлағат.

Әрбір сөзім – шындық, бірлік, адалдық.

Әрбір ісім – тірек, тірлік, тазалық.

2. Үй тапсырмасын сұрау

Бердібек Соқпақбаевтың «Шал мен бала» мәтінінің түсінігі және автор туралы шағын мағлұматтар айту.



Үй жұмысын бекіту

« Сауал менен , жауап сізден»


1. Бөлімдегі оқиғасы *жақсылыққа жамандақ бар* деген пікірге құрылған мәтінді ата.
2. Ш. Құдайбердіұлының осы бөлімде берілген әңгімесін есіңе түсір. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қой. « адамға ат басындай алтыннан түк пайда жоқ» .
3. « Ол арбасынан шелегін алып, арқанға байлады, су тартып, сусынын қандырды, содан соң алғысын айтып жүріп кетті. Ал шелегі құдық басында байланған қалпында қала берді». Бұл қандай адам?
4. Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі. Жамандыққа жақсылық – ер кісінің ісі деген мақал кімге қатысты айтылған?
5. Ғалым, жылан, түйе, ит, бала қай шығарманы еске түсіреді?



Балалар Абай атамыздың басқа қандай өлеңдерін, қара сөздерін , нақыл сөздерін білесіңдер?

III Жаңа сабақ
Абай шанырағы
Кәмен Оразалин

Кәмен Оразалин



1920 жылы Семей облысы, Абай ауданы , Құндызды ауылының Қылышбек жайлауында дүниеге келген. 1939 жылы орта мектепті бітірген соң, Қызыл Армия қатарына алынып, кіші командирлер мектебін бітірді. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Семей педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиет факультетін 1947 жылы бітірген. Абай ауданындағы орта мектепте зейнетке шыққанға дейін мұғалім болып еңбек етеді. Абай ауданының Құрметті азаматы. Төрт рет Қазақ КСР – нің Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталды. 2008 жылы дүние салды.



Шығармалары

Алтын тамыр 1-2 том

Абайдан соң

Абай ауылында

Абай туралы

Данышпан ақын




АБАЙ
ШАҢЫРАҒЫ





- 1- бөлім** Жайлауға дайындық
- 2 – бөлім** Күнжанның қонағы
- 3-бөлім** Үй ішінің көрінісі



Мағынаны ашу

Шымши – өрнектеліп тоқылған ши.

Ызу – тігістің түрі.

Алаша – қой жүнінен тоқылған төсеніш.

Сүйек төсек – сүйекпен өрнектеп жасаған төсек.




Шымши

Сүйек төсек



Сергіту сәті

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың маңы – терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп.



Дәптермен жұмыс

**1 қатар.
Күнжанға
сипаттама
жазу.**

**2 қатар.
Қонақтардың
Күнжанға
ризашылығы.**

**3 қатар.
Абай
шаңырағы
туралы
жазу.**

Жаңа сабақты бекіту.

1. Күнжан киіз үй жабдығын қалай дайындады?
2. Ол Абайдың апа – жеңгелерін неге шақырды?
3. Қонақтардан кімдер келді?
4. Үй іші қалай безендірілген?

Түйіндеме



Жалпы қазақ шаңырақты қасиетті санаған. Пәлеңшенің шаңырағының әулеті пәлен шаңырақ болыпты деген сөз сол адамның үрім – бұтағының өскендігін көрсетеді. Сонымен қатар шаңырақ береке мен бірлікті білдіреді. Бата, тілек бергенде шаңырағын шайқалмасын деп жатады. Отбасы тату – тәтті, біркелкі болсын деген сөз.

5. Сабақты қорытындылау

Абайдың « Көзімнің қарасы » өлеңімен қорыту.

Нақылменен сана құйған
Қазағымның Абайы.
Ақылменен дана болған
Бүкіл әлем Абайы -

6. Бағалау.

7. Үйге тапсырма

1. Абай
шаңырағындағы
заттарды
сипаттау

2. Киіз үй
жабдықтары
туралы реферат
жазу

3. Мәтінді оқып,
түсінік айту.